**Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін құру, жұмыс істеуін қамтамасыз ету және дамыту жөніндегі 2017-2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына өзгерістер енгізу туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2017 жылғы 15 қыркүйектегі № 30 өкімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа №3 қосымша) 27-тармағына сәйкес:

1. Қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2017 жылғы 13 қаңтардағы №6 өкімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін құру, жұмыс істеуін қамтамасыз ету және дамыту жөніндегі 2017-2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына өзгерістер енгізілсін.

2. Осы Өкім Еуразиялық экономикалық одақтың ресми сайтында жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

**Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің мүшелері:**

*Армения Беларусь Қазақстан Қырғыз Ресей*
*Республикасынан Республикасынан Республикасынан Республикасынан Федерациясынан*
*В.Габриелян В.Матюшевский А.Мамин Т.Абдыгулов И.Шувалов*

Еуразиялық экономикалық комиссия
Кеңесінің
2017 жылғы 15 қыркүйектегі №30
өкіміне
ҚОСЫМША

**Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін құру, жұмыс істеуін қамтамасыз ету және дамыту жөніндегі 2017-2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР**

1. 1-тармақ мынадай мазмұндағы "у" - "ш" тармақшаларымен толықтырылсын:

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **"у) Одақ шеңберінде бақылап отыру (соның ішінде сәйкестендіру) жүйесін (бұдан әрі - бақылап отыру жүйесі) қалыптастыру** | **тұжырымдама** | **IV тоқсан** | **-** | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **тұжырымдамасын әзірлеу** | | | | **Комиссия*, уәкілетті органдар** |
| ф) бақылап отыру жүйесінің архитектурасын әзірлеу | есеп, архитектураны сипаттау | - | I тоқсан | Комиссия*, уәкілетті органдар |
| х) бақылап отыру жүйесіне техникалық тапсырмалар әзірлеу | техникалық тапсырма | IV тоқсан | - | Комиссия*, уәкілетті органдар |
| ц)осы тармақтың "у " тармақшасына сәйкес Одақ шеңберінде бақылап отыру (соның ішінде сәйкестендіру) жүйесін (бұдан әрі - бақылап отыру жүйесі) қалыптастыру тұжырымдамасын іске асыру мақсатында нормативтік құқықтық актілер жобаларын әзірлеу | нормативтік құқықтық актілер жобалары | - | I-III тоқсандар | Комиссия* |
| ч) бақылап отыру жүйесінің жұмыс істеуі мақсатында уәкілетті органдармен ақпараттық өзара іс-қимылға қойылатын талаптарды әзірлеу | талаптар | - | II-IV тоқсандар | Комиссия*, уәкілетті органдар |
| ш) бақылап отыру жүйесін іске асыру бойынша жобалық офистің жұмыс істеуін қалыптастыру және қамтамасыз ету | есептер | IV тоқсан | I-IV тоқсандар | Комиссия*". |

2.2-тармақ мынадай мазмұндағы "е" тармақшасымен толықтырылсын:

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **"е)Комиссияның интеграциялық** | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **сегменті құрамында бақылап отыру жүйесінің компонентерін жасау** | **техникалық-жұмыс жобалары, орындалған жұмыстардың актілері** | **-** | **I-IV тоқсандар** | **Комиссия*".** |

3.3-тармақ мынадай мазмұндағы "е" тармақшасымен толықтырылсын:

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **"е) ұлттық сегменттер құрамында бақылап отыру жүйесінің компонентерін жасау** | **техникалық-жұмыс жобалары, орындалған жұмыстардың актілері** | **-** | **I-IV тоқсандар** | **уәкілетті органдар* *".** |

4. Көрсетілген жоспарға №4 қосымшада:

а) "2017 жыл" графасының 1-тармағындағы "172 500,0" цифрлары "181 200,0" цифрларымен ауыстырылсын, "2018 жыл" графасындағы "176 900,0" цифрлары "205 281,2" цифрларымен ауыстырылсын;

б) "2018 жыл" графасының 2-тармағындағы"291 800,0" цифрлары "317 800,0" цифрларымен ауыстырылсын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК